Әлия Молдағұлова атындағы халықаралық әуежай» АҚ-ның 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптар үшін бекітілген тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы жылдық есебі

Табиғи монополия субъектісі туралы жалпы мәліметтер «Әлия Молдағұлова атындағы халықаралық әуежай» АҚ

«Әлия Молдағұлова атындағы халықаралық әуежай» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) табиғи монополия субъектісі болып табылады. Әуежай қызметтері мемлекет реттейтін қызметтерге, әлеуметтік маңызы бар нарық шеңберіндегі қызметтерге және реттелетін қызметтермен технологиялық жағынан байланысты өзге де қызмет түрлеріне бөлінеді.

Қоғам мыналарды қамтиды:

Қоғам Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің мынадай қызмет түрлері бойынша республикалық бөліміне қосылған:

1) Әуежайдың базалық әуеайлағында әуе кемесіне тұрақ орнын беру.

Қоғам Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне:

1) Электр энергиясын (аз қуатты) беру және тарату.
2) Жылу энергиясын беру және тарату;
3) Тарату желілері арқылы су беру;
4) Ағынды суларды бұру.

Ішкі рейстерде қызмет көрсету Кәсіпкерлік кодекске сәйкес әуежай бойынша қоғамдық маңызы бар қызметтерге жатады, атап айтқанда:

- Жолаушыларды отырғызу - түсіру (телескопиялық басқыш арқылы);
- Жүк пен поштаны өңдеу жөніндегі қызметтер;
- Әуе кемелерін қарсы алу-шығару жөніндегі қызметтер;
- Әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер;
- Тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежай үй-жайларын жалға беру жөніндегі қызметтер.

1. 2026 жылғы 1-жартыжылдықтағы инвестициялық бағдарламаның орындалуы

Жоғарыда аталған қызметтер бойынша 2026 жылға арналған Инвестициялық бағдарламалар бекітілмеген.

2. Уәкілетті орган бекіткен 2026 жылғы 1-жартыжылдықтағы тарифтік сметалардың баптар бойынша орындалуы туралы ақпарат

(1-қосымша Кесте, 2-кесте, 3-кесте, 4-кесте)

Тарифтік саясат

2026 жылдың басынан бастап Қоғам қызметтерге мынадай тарифтерді қолданады:

- базалық әуеайлақта ӘК тұрақ орнын беру тарифі - тәулігіне 1 тонна МВМ үшін 74,57 теңгені құрады;
- электр энергиясын беру және тарату тарифі 1 кВт.сағатқа -0,51 теңгені құрады;
- жылу энергиясын беру және тарату тарифі - 1 761,04 теңге/Гкал;
- тарату желілері бойынша су беру тарифі - 548,15 теңге/текше метрді құрады;
- сарқынды суларды бұру бойынша тариф - 548,15 теңге/текше метрді құрады.

Ақтөбе әуежайында қызмет көрсету кезінде қоғамдық маңызы бар қызметтерге және техникалық құралдарды ұсыну бағаларына тарифтердің көтерілуі, әуе кемелерін пайдаланушылардың өтінімдері бойынша 2026 жылы Қазақстан Республикасының 2026-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес 9% -ды құрады.

3. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы

Қоғамға сапа мен сенімділік көрсеткіштері бекітілмеген, себебі бекітілген Инвестициялық бағдарлама жоқ.

4. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы

2026 жылға Қоғам табиғи монополиялар субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекіткен жоқ, себебі бекітілген Инвестициялық бағдарлама жоқ.

5. Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер

2026 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындылары бойынша қызметтер бойынша **кірістер**:

- Әуежайдың базалық әуеайлағында әуе кемесіне тұрақ орнын беру - 335 587,02 теңге;
- Тарату желілері бойынша су беру - 350 874,46 теңге;
- Сарқынды суларды бұру - 350 874,46.

2026 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындылары бойынша қызметтер бойынша **шығыстар**:

- Әуежайдың базалық әуеайлағында әуе кемесіне тұрақ орнын беру - 347 500 теңге;
- Жылу энергиясын беру және тарату - 4 186 900 теңге;
- Тарату желілері бойынша су беру - 4 186 900 теңге;
- Сарқынды суларды бұру - 4 186 900 теңге.

2026 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындылары бойынша **қаржылық нәтиже**:

- Әуежайдың базалық әуеайлағында әуе кемесіне тұрақ орнын беру - (-11 900) теңге;
- Жылу энергиясын беру және тарату - (- 4 022 900) теңге;
- Тарату желілері бойынша су беру - (- 3 836 030) теңге;
- Сарқынды суларды бұру - (- 3 836 030) теңге.

6. 2026 жылғы 1-жартыжылдықта ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі

1. «Әуежайдың базалық әуеайлағында әуе кемесіне тұрақ орнын беру» - тәулігіне 4 500 тонна МВМ;
2. Жылу энергиясын беру және тарату - 100,72 Гкал;
3. Тарату желілері арқылы су беру - 677 текше метр;
4. Сарқынды суларды бұру - 677 текше м.

7. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы ақпарат

Авиациялық қызметтер маусымдық сипатта болады: навигацияның көктемгі-жазғы кезеңінде (ДҰС) әуе кемелерінің (ӘК) рейстер саны ұлғаяды. Авиация қызметінің маусымдық сипаты ағымдағы қаржылық нәтижеге және Қоғамның жағдайына әсер етеді.

«Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ қосымша көлемді тарту бойынша іс-шаралар жүргізуде - Алия Молдағұлова әуежайы арқылы рейстерді ұлғайту бойынша түрлі авиакомпаниялармен келіссөздер мен келісімшарт алдындағы хат алмасулар жүргізілуде. Авиакомпанияларға әуежай қызметтерінің тарифтері мен алымдары, авиаотынның құны туралы ақпараттық хаттар үнемі жіберіледі.

Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетінің дамуына, сондай-ақ Ақтөбе әуежайының ыңғайлы орналасуына (Азия-Еуропа әуе трассаларының қиылысы) байланысты авиакомпаниялардың қызмет көрсету сапасына қойылатын талаптарының өзгеруі бойынша үрдістер туындайды. Осы мақсатта қызметкерлерді қазіргі заманғы қызмет көрсету әдістеріне қайта оқыту жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ әуе кемелері мен жолаушыларға қызмет көрсетуге қажетті

арнайы және автомобиль техникасының, жабдықтарының паркін жаңғырту және жаңарту жүзеге асырылады.

8. Қоғамның 2026 жылғы қызметінің перспективалары (даму жоспарлары) және басым бағыттары.

Қоғамның 2026 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған міндеті қызмет көрсету сапасын, көрсетілетін қызметтердің толықтығын төмендетпей, қолда бар ресурстар кезінде ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу, білікті персоналды сақтау болып табылады. Операциялық шығыстарды қысқарту, еңбек өнімділігін және Қоғам ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметтерді техникалық қайта жарақтандыру және сертификатталған талаптарды орындау.

Жоспардың орындалуын, қызметтердің іске асырылуын және Қоғамның инвестициялық бағдарламасының орындалуын жүйелі бақылау.

Ақтөбе әуежайы жолаушылар мен жүк рейстерінің санын арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Айта кетейік, Ақтөбе әуежайы жаңа рейстерді ашу және қолданыстағы жиіліктерді арттыру бойынша белсенді жұмыс істеуде.

Бұдан басқа, ел Президентінің тапсырмасы бойынша Ақтөбе әуежайына жүктерді шоғырландыру және бөлу бойынша бәсекеге қабілетті және сапалы қызметтер көрсететін мультимодальдық орталықтардың біріне айналу жауапкершілігі жүктелген. Әуежай жүк ағыны бойынша елдің жетекші әуежайларының бірі болып табылады.

Айта кетейік, қазір орта есеппен аптасына әуежайға Түркия мен Біріккен Араб Әмірліктерінен 7 жүк рейсі орындалады.

«Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ ұшу салмағы бойынша барлық әуе кемелерін шектеусіз қабылдауға дайын. Өз тарапынан әуежайлық қызмет көрсету мәселелерінде «Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ алыс шетелді қоса алғанда, барлық бағыттар бойынша авиарейстерді қамтамасыз етуге және техникалық қызмет көрсетуге дайын.

Басқарма Төрағасының өндіріс бойынша орынбасары **Исатаев М.А.**

Эж ҚТБ бастығы **Игнатенко Т.А.**